

## **«Діни мәтіндерді түсіну және талдау» пәні бойынша семинар сабақтарының әдістемелік нұсқаулығы**

«Діни мәтіндерді түсіну және талдау» пәнінен семинарға дайындалу барысында магистрант дәріс кезінде берілген негізгі ғылыми, дінтанулық бағытты басты ұстанымға алуы керек:

- діни мәтіндерді анықтау әдістемесі мен теориясының жалпы сұрақтарын ұғыну;
- ғылыми танымның деректанушылық процесін түсінуді қалыптастыру;
- діни мәтіндерді ғылыми мақсатта пайдалану және зерттеуде белгілі әдістемелік - деректанушылық тәсілдерді қолдану;
- діни мәтіндерді пайдалану үшін мазмұнын дінтанулық тұрғыда сараптау, діни мәтіндерді белгілі кезеңдеге, белгілі тақырыптарға топтамалау;
- діни мәтіндердің аудармаларын жинақтау, өзіндік түсіндірме жазып, негіздеу;
- діни мәтіндерге қатысты деректік материалдарды салыстыру және олардың дұрыстығына баға беру;

### **Магистранттың семинарға дайындалуы**

Семинарға дайындала отырып, магистрант мына талаптарды басшылыққа алуы керек:

- ұсынылған әдебиеттермен танысу;
- мәселе бойынша түрлі көзқарастарды қарастыру;
- проблемалы мәселерді бөлу;
- өз көзқарасын қалыптастыру;
- даулы сәттерді қарастыру және пікірталас мәселесін шешу.

### ***Магистранттың семинарға дайындалу әдістемесі.***

Дайындық кезінде магистрант мәселені дұрыс бағалауы тиіс және берілген тапсырма тақырыбын толығымен ашуға міндетті. Оқытушы ұсынған негізгі және қосымша әдебиеттерді пайдалана отырып, қойылған сұраққа дұрыс және нақты жауап беру керек.

Магистранттың кез келген сөз сөйлеуіне қойылатын талаптар тізімі шамамен төмендегідей:

- жоспарлау - басты мәселелерді бөліп алу;
- мәселенің мәнін ашу;
- мәселенің барлық аспектілері жариялануы тиіс, сұраққа жауап бергенде сөйлемнің толық болуы мен аяқталуы керек;
- магистранттың сөз сөйлеуі логика талаптарына сай болуы керек;

- айтылған проблеманы айқын ажырату, оның нақты тұжырымдалуы;
- сөз сөйлеу тақырыппен немесе сұрақпен байланысты болуы керек;
- дәлел келтіргенде, қарама-қайшы келмейтін және толық дәлелдеме болуы керек;
- ұғымдар мен терминдерді дұрыс және мазмұнды пайдалану;
- пікірталас, пікірталасуды қолдау, басқа магистранттардың жауаптарына талдау жасау;
- оқытушының немесе басқа магистранттардың тақырыпқа қатысты семинар барысында айтқан құнды пікірлерін немесе жаңа ақпаратты жүйелі түрде жазып отыру;
- магистранттың оқытушыға және топтастарына қарым-қатынасы - сыйластық, өзара сын.